

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 79 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 мамырда № 7-6-141 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 71 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 22.04.2016 № 71 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.
2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. С.

Қарашинге жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Есенғалиев